

Turan mektebi
2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары



А.А.Сарманова

» 2022 жыл

**«Turan mektebi»-нің
2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Мектеп ұжымының тақырыбы: «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуда нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшу»

Мақсаты:

- оқытудың жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын зерттеу және жобалау жұмыстарының негізінде қалыптастыру және дамыту;
- өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру;
- қоғамдық әлеуметтік өмірге бейімделген, жоғары интеллектуалды Қазақстан Республикасының азаматтығын қалыптастырып, әлеуметтік сұранысты орындау;
- оқушыны қабілет ерекшелігіне қарай кәсіпке бейімдеу, кез-келген мәселелік жағдайға ғылыми болжам жасаудың негіздерін үйрету.

Міндеттері:

ҚР «Білім туралы» Заңын жүзеге асыру
ҚР Білім беру стандартына сәйкес білім беру.

Kipicne

Жаңа ғасырдағы мектептің алдындағы міндеті – егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу. Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті болған Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Ал кәсіби шеберліктің жоғары шегі шығармашылық еңбек, оқу-тәрбие үрдісін жаңашылдықпен, өзгеріспен құра білу, яғни инновациялық қызметті жүзеге асыру. Оның негізгі көрінісі оқыту мен тәрбиелеудің, дамытудың технологияларын, әдіс-тәсілдерін ендіре отырып, жұмысты ұйымдастыру.

Ақпараттық қоғамның осындай талаптары үдесінде көріну үшін мектебіміз алдына бұрынғыдан да өзгеше міндеттер қабылдап, жаңаша жұмыс жүргізу қажеттілігін сезінеді.

**Мектептің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына
педагогикалық талдау, қорытынды сараптама**

**Әдістемелік жұмыстың 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жүргізу тақырыбы:
«Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге
қабілетті ұрпақ тәрбиелеу».**



ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МЕРЕЙІ



ЖАС МАМАН ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылында «Turan mektebi» жас маман жастар орталығы бірнеше жас мамандармен толықты. Жаңадан келген және бұрыннан тіркелген жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, әдістемелік көмек көрсетілді. Жұмысқа бейімделуіне бағыт-бағдар беруде әдістемелік орталық тарапынан барынша жұмыс жасалуда. 06.10.2022ж күні, жас маман жастар орталығының жас мамандары тәлімгерлерімен бірге мектеп директоры А.А.Сарманова ханымға бекітілген жоспарлары бойынша қыркүйек айына есеп берді. А.А.Сарманова ханымға жас маман жастар орталығының жас мамандары есебін қанағаттанарлық деп тауып, басталған жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.



«Ғылымға құштар жас өрен» атты ғылыми-зерттеу іс-шарасы



«Қазақстан дауысы» өнер байқауы



Жұлдызы жарқын жас әнші

Аспаннан жаңа бір жұлдыз жарқырағандай, эстрада әлеміне тағы бір талантты жаңа жас әнші қосылды десек қателеспейміз. Жас әнші Бекбосын Кәусар Нұрболсынқызы 16.11.2013 жылы дүниеге келген. Шымкент қаласының тумасы. Қазіргі уақытта Тұран ауданында орналасқан Turan mektebi 3 «Ә» сынып оқушысы. Көп балалы отбасынан шыққан Кәусардың ағасы, сіңлісі және 2 інісі бар. Әкесі - омарташы. Анасы - мектеп мұғалімі. Ал қазіргі уақытта 2021 жылы қарашаның 23- күнінен бастап Сәкен Майғазиевтың «SMART» өнер мектебінде вокал үйірмесінде білім алып келеді. 30.11.2021 жылы Сәкен Майғазиев ағамыз «SMART» өнер мектебіне келген кезде Қарақат Әбділдинаның «Ана» әнін орындап ерекше мақтау алған. Мұнымен қоса түрлі байқаулардың жеңімпазы атанып үлгірген талантты өнерпаз об-лыстық, рес-пуб-ликалық, байқаулардан жоғары жетістіктермен оралуда. Айтар болсақ, ең алғашқы конкурсы 21.02.2022 жылы «Жастар» театрында Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «BALA SING –show» фестивалында «Титаник» әнін орындап, «Бас жүлде» иегері атанған. Мұндай жеңістер зор талап пен тынымсыз еңбектің арқасында келеді. Мұнымен қоса жұлдыздай жарқыраған жас әншіміз өз өнерін паш ету үшін әрі қарай ұмтылуға бел байлаған. Ол 22.03.2022 жылы Ұлыстың Ұлы күні «Наурыз» мейрамына орай ұйымдастырылған мерекелік іс - шарада ән айтып, «Nauryz Park» сауда



үйінің басшысы Б.Қ Тастанбеков мырзадан алғыс хатпен марапатталды.



Жас талант 28.03.2022 жылы «Атадан мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық «ART БАЙТЕРЕК» байқауында «Кукушка» әнін орындап, I орын иеленді.


Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі болып саналатын «1- мамыр Қазақстан халқының Бірлік күніне» орай ұйымдастырылған Түркістан мәдениет үйінде өткен іс-шарада «Қазағымсың» әнін орындап, мақтау қағазымен марапатталды.

«TURAN» мектебінде «Отан қорғаушылар күніне 30 жыл» толуына байланысты және «9-мамыр жеңіс» күніне арналған іс - шараға белсене қатысқаны үшін «Өнерлі оқушы» номинациясымен және де Шымкент қаласында өткен «Атадан мұра» қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық байқауында француз әнін орындап, I орын иесі атанды.

Ел батамен көгерер дегендей, 4 - маусым 2022 жылы «GRAND балық» кафесінің ашылуына шақырылып, ән орындап, Төрәғали Төрәлі әншінің әкесі Төрәлі Төлепов ағамыздан ақ батасын алды.

14 - маусым 2022 жылы «SMART» өнер мектебінің Сакен Майғазиевтың қатысуымен жарты жылдық есеп беру концертінде «FORTE» триосы болып «Сүгірдің термесі» әнін орындап ерекше көзге түсе білді.

Мектептің жүрегі – ұстаз десек, сол ұстазға жылдан-жылға талап та жоғарылауда. Қазіргі заман талабына сай білім беру үшін, күннен күнге білімді жетілдіріп тұрмаса, өскелең ұрпаққа өнеге болмас.




Осы орайда мектебіміздің ұстазы Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік, педагогикалық «XII Global teaching Dubai» атты семинарға қатысып, өз тәжірибелерін арттырып келді. Бірнеше мемлекеттің ұлы мамандық иелері қатысқан бұл іс-шара барысында ұстаздарымыз бірнеше тақырыпта баяндама жасап, өз ойларымен бөлісті.



Ағылшын тілі пәні мұғалімі Кушкаррова Қанағат Анарбекқызы, өз мамандығы бойынша әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың әдістерін үйреніп, белсенді қатысып, GBS халықаралық университетінің II дәрежелі халықаралық дипломы мен халықаралық сертификаттарына ие болды.

Дубай қаласында баяндаманы жоғары деңгейде қорғап ағылшын тілі пәні мұғалімі Кушкарлова Қанағат Анарбекқызы Париж қаласындағы Sorbonne университетіне арнайы шақырту алды. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаздар ғана тәрбиелеп шыға алады.



«Кітапханаға кітап сыйла» атты кітап көрмесі



Балалар жылында оқушылардың жаңаша көзқарасы

Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын:

- Әдістемелік орталық;
- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орындасары;
- Педагог-психолог;
- Қосымша білім беру педагогы;
- Ұйымдастырушы педагог;
- Логопед;
- Дефектолог жүргізуші.

2022 жылдың 13 сәуір күні
“Ашық әдістемелік көмек күні” өтті



ҒЫЛЫМҒА ҚҰШТАР ЖАС ҰРПАҚ



**TURAN МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР
ЕСЕБІ**

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДА ТҰЛҒАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ РЕТТЕУ, СЫНЫПТА ОРТАҚ ҚОЛАЙЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ОРНАТУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ, ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАСИЕТТЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨМЕК КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАҢТАРДАҒЫ №18 БҰЙРЫҒЫН НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІН ҮЙЛЕСТІРУ МАҚСАТЫНДА 29 СЫНЫПҚА 29 СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР БЕКІТІЛДІ.

✚ БАСТАУЫШ 23 СЫНЫП
✚ ОРТА БУЫН 6 СЫНЫП

СЫНЫП ЖЕТЕКШІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘСІЛДЕРІН ҚҰРУ АЯСЫНДА ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС АПТАСЫНА 1 РЕТ ТӘРБИЕ САҒАТЫН ЖӘНЕ ЖЫЛЫНА АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТӘРБИЕ бағыты бойынша:

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай 1 қыркүйек -Білім күні мерекесіне арналған «КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!» атты салтанатты алғашқы қоңырау мерекелік іс-шарасы болып өтті. Мектеп табалдырығын аттаған 156 балаға мерекелік кешке келген қонақтарымыз: мектебіміздің ата-аналар кеңесінің төрағасы кәсіпкер Ахаев Самат Жаксылыкович, үй бикесі Әбілдаева Қаламқас, Джигельдиева Бақыт өз тілектерін білдіріп, бүлдіршіндерге батасын берді.



1 қыркүйек - Білім күніне орай барлық 1-7 сыныптарда **"ТӘУЕЛСІЗДІК**

ЖЕТІСТІКТЕРІ" тақырыбында ашық сабақтар өткізілді. **Видеоға сілтеме** <https://www.instagram.com/reel/Ch9S6tKjSFJ/?igshid=NmQ4MjZlMjE5YQ==>

Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықбұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 2021 жылдың 10 қыркүйек -10 қазан аралығында **«ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ»** тақырыбында айлық ұйымдастырылып отыр. Айлық барысында **«Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу»** мақсатында 5-8 сынып қыз және ұл балаларына жиналыс өткізілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Асем Ақтайқызы мектептің ішкі тәртіп ережесін таныстыра отырып, оқушыларға мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керектігін, құқықтық сауатсыздық,

яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқығын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отыратынын, құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтеу керектігін айтып өтті. Мектептің педагог-психологі Исахова Жанар Нуридиллақызы **«Кәмелетке толмағандар арасында буллингтің және кибербуллингтің алдын алу»** мәселесіне тоқталып, кибербуллингтің зардаптары, балалар мен жасөспірімдерді кибербуллингтен қалай сақтануға болатын түсіндірді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Асем Ақтайқызы мен ұлдар кеңесінің төрағасы қазіргі таңда орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы қылмыстық іс-әрекеттердің алдын-алу жолдарын таныстырып өтті.



«ТӘУЕЛСІЗДІК –ОРЫНДАЛҒАН АРМАН. ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КЕШ

12.12.2022 жыл Шымкент қаласы білім басқармасының Қосымша білім беру оқу салалық орталығының 2022 жылғы 2 желтоқсанындағы № 141 хаты негізінде «Ел тәуелсіздігіне 30 жыл» толуына орай іс-шара жасалды. Жоспарға сәйкес 12 желтоқсан күні 6-9 сынып оқушыларымен мұғалімдерге арналған «Өнерім саған, Тәуелсіз қазақстаным!» атты мерекелік концерт өткізді. Концертке оқушылар мың бұралған билері мен шырқалған әндерін салып, тәуелсіздік туралы жаттауларын айтып шығармаларын ортаға салды.



Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықбұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 2021 жылдың 10 қыркүйек - 10 қазан аралығында «ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» тақырыбында ұйымдастырылған айлық аясында «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында 5-11 сынып қыз және ұл балаларына жиналыс өткізілді.



РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

«ҰСТАЗДАР БАР ЖАҚСЫЛЫҚ СІЗДЕР ҮШІН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КЕШ



03.10.2022 жыл. Жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісі –еліміздің ұстаздары үшін төл мереке, Мұғалімдер күнін атап өтеді. Біз үшін бұл мереке –саналы да сапалы білім беру үрдісіндегі әрбір ұстаздың шынайы кңбегі мен мәртебесін атап өтетін күн болып табылады. Салтанатты шараны мектеп басшысы құттықтау сөзімен ашып, елімізде білім саласына мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отырғанын, ұстазынан озар шәкірттерінің көбейе беретініне сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ, білім саласында ұзақ жылдан бері талмай еңбек етіп, табыстарға қол жеткізіп жүрген бірқатар ұстаздарды құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапаттады. Салтанатты шараның соңы мектептің өнерпаз жастарының ұстаздарына тарту ретінде әзірлеген концерттік бағдарламасына ұласты. Мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен ән – сазды бағдарламасына зейнетке шыққан ұстаз ардагерлер шақырылды. Бағдарлама барысында мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға және ардагер ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді. Ардагерлер оқушылармен сұхбаттасып, өнерлерін тамашалап, ризашылығын білдірді. Іс – шараның соңында, оқушылар әр мұғалімге арнайы өлең шұмақтарын арнап, гүл шоқтарын сыйлады. Іс – шаралар барысында мұғалім жас ұрпақты ұстаздар қауымын сыйлауға тәрбиелеп, ұстаздың шәкірттерге ең беделді үлгі болатын жан екені туралы ұлылардың нақыл сөздерімен таныстырып, сондай – ақ, оқушылар өздерінің ұстазға деген сүйіспеншілігі мен сөздерін білдіріп, өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар , мұғалімдер мерекесіне арналған арналған тәрбие сағаттарына ата-аналар комитетінің мүшелері де қатысып, өз тілектерін білдірді.

РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тұран мектебінде оқушылар, мұғалімдер арасында 20 минуттық бірыңғай кітап оқуға ұйымдастырылған оқу сауаты жалғасуда.

Кітап-білім бұлағы. Ол-білімнің қайнар көзі. Әр оқырман кітаптың бетін ашқан сайын тылсым дүниені, жаңа құндылықтарды үйренеді. Кітапты таңдап, талғап оқи білумен оны түсіну мен түйсіну алған әсерінді өмірлік қажетіңе жарата білу-әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайды.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ
ТИІМДІ ТҰТЫНҒАН ҮНЕМДЕЙДІ" /ашық тәрбие сағаты/ Үнемдеу – өмірді жеңілдету.

- Тәрбие бағыты: ЕҢБЕК,ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ
- Іске асырылу жобасы: **«ҮНЕМ – ҚОҒАМ ҚУАТЫ»**
- 7 «Ә» СЫНЫБЫ
- СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ: Медетбекова Асем

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- ❖ Ұқыптылық пен үнемділік, қаржы және материалдық ресурстарды сақтау және үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету;
- ❖ Оқушыларға үнемдеу мен ысырап жайлы мағлұмат бере отырып, олардың шығу жолдарын түсіндіріп, күнделікті өмірде пайдалана білуге тәрбиелеу;
- ❖ Өз ойын ашық айта білетін қабілетті тұлға қалыптастыру; Оқушыларды тәрбиелі, білімді болып өсуге тәрбиелеу;



КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Тұран мектебінде қыздары арасында **"КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ -2022"** өнер мен шығармашылық байқауы болып өтті. Нәтижесінде:

- ✓ **I ОРЫНДЫ:** Сәрсенбай Іңкәр
- ✓ **II ОРЫНДЫ:** Сейтжанқызы Ақниет
- ✓ **III ОРЫНДЫ:** Медет Адель иеленіп, барлық ханшайымдарға мектеп директоры Сарманова Асия Анарбекқызы мен әділ- қазы алқасы дипломдар мен сыйлықтар табыс етті.



17 ҚАРАША - СТУДЕНТТЕР күніне орай жас мамандар мен бітіруші түлектердің арасын жақындату мақсатында оқушыларды жігерлендіру, студенттік өмірге даярлау, өз мақсаттарына талпындыру, студенттік кезде терең білім алып, бәсекеге қабілетті маман болып шығуға үндеу мақсатында **«Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Екі жұлдыз» сайысы** ұйымдастырылды. Жас мамандар мен 7-8 сынып оқушылары арасындағы сайыс өте қызықты, көңілді өтті. Сайыс нәтижесінде екі топқа да мектеп директорының Алғыс хаты табысталды.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:


Тәрбие бөлімі және сынып жетекшілер.



**"ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ" БАҒЫТЫ БОЙЫНША
"ДЕБАТ" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ҮШ ТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН
ПІКІРСАЙЫС.**

МАҚСАТЫ: Тыңдаушыларға **«Үштілділік саясаты»** жайлы мәлімет беру; Оқушыларды ана тілімен қатар мектепте оқытылатын өзге тілдерден де теориялық білімдерін, тіл жайлы ұғымдарын тереңдету, мемлекеттік тілді сүюге, өзге тілді құрметтеуге тәрбиелеу; Еңбекқорлыққа, адамгершілікке, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Тұран мектептің «Орыс тілі және әдебиеті» пән бірлестігінің мұғалімі Абдуллаевна Гүлжаһан мұғалімнің ұйымдастыруымен өткізілген пікірсайысқа 8 сынып оқушылары қатысты. Олар дебат ережесіне сәйкес «жақтаушы» және «даттаушы» топтарына бөлініп, өз ойларын

жете түсіндіріп, өз пікірлерін дәлелдеуге тырысты. Дебат барысында көрермен оқушыларды да тың ақпараттармен, деректермен таныстыра білген ұстаздар қауымына да Алғыс білдіреміз.



Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Шынықсаң, шымыр боласың! «Turan mektebi» -нің жанын ашылған «AQ-BARS» -спорт клубына 5 «б» сынып оқушылар дзюдомен шұғылданып, жақсы жетістіктерге жетіп жүр. 2023 жылдың ақпан айында Шымкент қаласында дзюдодан кіші жасөспірімдер арасында Қадырбай Нұрасыл – 2-орын алды, Келесхан Бақсейіт- 3-орын, Кеңесбек Рамазан 3-орынды иеленді.



<https://www.instagram.com/reel/CsP5uiloe9U/?igshid=NmQ4MjZlMjE5YQ==>



ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

А.А.АКТАЙҚЫЗЫ

«Turan mektebi»-нің бастауыш сынып бірлестігінің жылдық бойынша атқарылған жұмыстардың есебі

Бастауыш сынып бірлестігінде 2022-2023 оқу жылында 17 мұғалім жұмыс жасайды.

Барлығы	Бастауыш сынып	Санаты бойынша							
		Педагог- шебер	Педагог - зерттеуші	Педагог- сарапшы	Педагог- модератор	Санатсыз	Жоғары	Бірінші	Екінші
17	17	-	4	0	8	5	4	0	8

Бастауыш сыныбының апталығы 23.01-31.01.2023 жыл аралығында болып өтті. Апталықтың тақырыбы: «Бастауыш сыныптарда дифференциалды оқыту- сапалы білім мен танымдық қабілеттің кепілі»

Мақсаты:

- Бастауыш сыныпта дифференциалды оқыту арқылы үлгермеушілікті жою
- Бастауыш сыныптарда түрлі деңгейлі оқыту негізінде саралап оқыту әдісін ұйымдастыру

**«Turan mektebi»-нің бастауыш сынып бірлестігінің
2022 жылдың 23- 31 қаңтар аралығында өткен бастауыш сынып апталығының
сыныптан тыс іс-жоспары**

№	Орныдалатын тапсырмалар	сыныптар	Өтетін орны	Жауапты мұғалімдер
1	«Баспалдағы білімнің-бастауыштан басталған» Бастауыш сынып мұғалімдерінің таныстырылымы	Бастауыш сыныптар	Акт залы	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері Маханова Динара
2	«Ойлай білген-өнер» сайыс сабақ	4-сыныптар	Акт залы	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері
3	«Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» коучинг сабақ	Бастауыш сыныптар	Акт залы	Оразбаева А. Өмірбекова Ә.
4	Спорттық ойын «Толағай»	1 сынып мұғалімдері	Спорт залы	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері
5	«Көңілді қыс» сурет байқауы	1-2 сыныптар	Акт залы	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері
6	«Білім беру жүйесіндегі ата ана мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық ролі» ашық есік күні	Бастауыш сынып мұғалімі	Сынып бөлмелері	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері
7	«Бастауыш сынып оқушыларының мектеп жағдайына бейімделуін жақсарту әдістері» коучинг	Бастауыш сыныптар	Акт залы	Майлыбай С. Жұмаханова Г.
8	«Ертегілер елінде» сахналық қойылым	4-сыныптар	Акт залы	Сынып жетекшілер
9	Апталықтың жабылуы. Қортынды	Бастауыш сыныптар	Акт залы	Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері

Апталық барысында барлық сынып оқушылары мен пән мұғалімдері белсене қатысты. Барлық әдістеме мүшелері ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізді. Ұстаздар апталық барысында жақсы белсенділік таныта білді. Ұстаздардың берген ашық сабақтары, өткізілген іс-шаралар жақсы нәтиже көрсетті. Ұстаздар мен оқушылармен қоса ата-аналарда белсенділік танытты.

Бастауыш сынып мұғалімдері 1 жарты жылдық бойынша 12 ашық сабақ, 2 жарты жылдық бойынша 15 ашық сабақ өтілді. Ашық сабақтарда ұстаздардың барлығы белсенді әдіс тәсілдерді жақсы тиімді қолдана білді.

Бастауыш сынып магистрант мұғалімдері туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	санаты
1	Маханова Динара	Бастауыш сынып	педагог-модератор
2	Ілес Арайлым	Бастауыш сынып	санатсыз

Бастауыш сынып мұғалімдерінің курстан өту көрсеткіші

№	Курстың атауы	Курс оқыған мұғалімдердің саны	Пайызы
1	Жаңартылған білім мазмұны	11	64,7
2	Пәндік курстар	5	29,4
3	Деңгейлік курс	3	17,6

Мұғалімдердің мектепшілік байқауларға қатысу нәтижесі

№	Байқау атаулары	Қатысқан мұғалімнің аты жөні	санаты	нәтижесі
1	Үздік жас маман байқауы	Ілес Арайлым Қынабекқызы	санатсыз	Мадақтама
2		Өмірбекова Әдемі Беркінбайқызы	педагог-модератор	Мадақтама

Білім алушылардың түрлі байқауларға қатысу нәтижелері

№	Байқау аты	Қатысқан оқушы саны	Жүлделі орындар саны	Пайызы
1	Кенгру	30	17	57%
2	Самұрық	262	128	49%
3	Алтын ұрпақ	12	3	25%

Оқушылардың ғылыми жоба байқауына қатысу нәтижелері

№	Оқушының аты жөні	тақырыбы	сыныбы	жетекшісі
1	Ерғалы Ерсін	Жұмыртқаның пайдасы мен зияны	2 «Г»	Бердикулова М.
2	Нұрғали Гүлбақыт	Биліктен биік тұлға	2 «Ғ»	Өмірбекова Ә.
3	Курсанбек Ақзерек	Бал ара	4 «А»	Аппазова Н.
4	Жайлау Ернұр	7 саны	2 «А»	Абдирахманова Н.
5	Садық Мерей	Бидай	3 «Ә»	Ілес А.
6	Жолдасбек Нұртілеу	Ақмешіт үңгірі	2 «В»	Архарбай Г.
7	Мұратқызы Каусария	Итмұрын	3 «В»	Маханова Д.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің түрлі байқауларға қатысуы

№	Байқау аты	Қатысқан мұғалімдер саны	Жүлделі орындар саны	Пайызы
1	Ұстаздардың шеберлігін шыңдау мақсатында «Жаңашыл ұстаз-заман талабы»	1	II орын	5%

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

У.Б.Садирова

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары У.Б.Садированың 2022-2023 оқу жылындағы оқу бағыты бойынша атқарылған жұмыстардың есебі

2022 -2023 жылында оқу бағыты бойынша жоспарлар құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Оқу жылында мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары қадағаланып отырды. Бастауыш, егізгі орта білімді, үлгерімнің ағымдағы бақылауды өткізудің типтік ережелері таныстырылды. Оқушылар мен ата-аналарға мектеп ерекшеліктері мен мүмкіндіктері таныстырылып, осы бағытта жұмыстар атқарылды. Мысалы, ата-аналар жиналысын өткізу, сынама тесттер алу. Сонымен қатар педогогикалық кеңес жұмысын ұйымдастыру, жүргізіп отыру, уақытылы хаттасамсын түзіп отыру жұмыстары атқарылып отырды. Төтенше жағдай бағытында да іс-шаралар өткізіліп, штап жұмысы бақыланып отырды. ББЖМ бойынша 4- сыныптарға жұмыс жоспары жасалынып, дайындық жұмыстары жүргізіліп отырды. Әр айда дайындық жұмыстарының нәтижесі сарапталып қорытындысы шығарылып, нәтижесі талданды. Мектебімізде 4 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, яғни білім мен білік дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға, аналетикалық, логикалық ойлауды дамытуға бағытталған ББЖМ мемлекеттік тестілеуге қатыстық. Осы жұмыс бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді, хаттамасы түзілді. Арнайы кесте жасалынып компьютер кабинеттерінде және негізгі пәндер бойынша қосымша сабақтар жүргізілді. Мемлекеттік тестілеуге 4-сыныптар бойынша - 46 оқушы қатысты. 2022-2023 оқу жылында 4 сыныптар жалпы -88 оқушы білім алады.

Оқу жылындағы негізгі мәселелерді ата-аналармен оқушыларға нормативті ережелер таныстырылып, педагогтік-психологиялық жұмыстар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының үлгерім есебі

Сыныбы	Жалпы саны	Үздік	Екпінді	Орта	Үлгер меуші	Бағалан баған	Бағаланбаған оқушының аты-жөні	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Орта балл
1	156	-	-	-	-	-	-	100		
2	133	22	47	64	-	-	-	100	51%	3,9
3	126	17	47	62	-	-	-	100	50%	3,9
4	92	14	31	47	-	-	-	100	48%	3,9
1-4	507	53	125	173	-	-	-	100	50%	3,9
5	87	7	33	47	-	-	-	100	47%	3,8
6	43	6	14	23				100	46%	3,8
7	36	5	12	19	-	-	-	100	47%	3,9
8	6	1	1	4	-	-	-	100	33%	4,0
5-8	172	19	60	93	-	-	-	100	46%	3,9
Жалпы	679	72	185	266	-	-	-	100	49%	3,9

2022 – 2023 оқу жылы 5 қыркүйек бойынша - 622 оқушы

Оқу жылы басында (ҰБДҚ бойынша)- 622 оқушы

1 сыныпқа– 157 оқушы қабылданды

1 – 4 сынып 493 оқушы

5 – 7 сынып 129 оқушы

Кеткен оқушылар саны –45

Қала мектептеріне - 34 оқушы

Облыс көлеміндегі мектептерге -11 оқушы

Республика көлеміндегі мектептерге – 0 оқушы

Келген оқушылар саны – 90

Қала мектептерінен – 78 оқушы

Облыс көлеміндегі мектептерден – 12 оқушы

Республика көлеміндегі мектептерден – 0 оқушы

ТМД дан тыс мемлекет -0

I жарты жылдық

ҰБДҚ бойынша бала саны – 667

Ұл бала -358 ; Қыз бала – 309

1 - 4 сыныптар – 509 ;

5 – 8 сыныптар – 158 ;

II жарты жылдық

ҰБДҚ бойынша бала саны – 679

Ұл балалар – 319 ; Қыз балалар – 360

1- 1-4 сыныптар – 507

2- 5 – 8 сыныптар – 172 ;

3- Кеткен оқушылар саны – 48

4- Қала мектептеріне - 37 оқушы

5- Облыс көлеміндегі мектептерге – 11 оқушы

6- Республика көлеміндегі мектептерге – 0 оқушы

7- Келген оқушылар саны – 60

8- Қала мектептерінен – 41 оқушы

9- Облыс көлеміндегі мектептерден – 19 оқушы

10- Республика көлеміндегі мектептерден – 0 оқушы

Әр сынып бойынша қозғалыс есебі

Сыныптар	I жарты жылдық	Кеткен	Келген	II жарты жылдық
1 – сынып	163	7	17	156
2 – сынып	128	4	9	133
3 – сынып	127	7	6	126
4 – сынып	91	7	8	92
1 – 4 сыныптар	509	42	40	507
5 – сынып	81	2	8	87
6 – сынып	42	1	2	43
7 – сынып	30	0	6	36
8 – сынып	5	3	4	6
5 – 8 сыныптар	158	6	20	172
Барлығы:	667	48	60	679

«Turan mektebi» жылдық бойынша үлгерімі

Сыныбы		Жалпы саны	Үздік	Екпінді	Орта	Үлгер меуші	Бағалан баған
1		156	-	-	-	-	-
2		133	22	47	64		
3		126	17	47	62		
4		92	14	31	47		
2-4		507	53	125	173		
5		87	7	33	47		
6		43	6	14	23		
7		36	5	12	19		
8		6	1	1	4		
5-8		172	19	60	93		
Барлығы		679	72	185	266		-
	679						-
	Жалпы саны	Үздік	Екпінді	Орта	Үлгермеуші	Бағаланбаған	Бағаланбаған оқушының аты-жөні
1		156				-	-
2		72	185	266	-	-	-

«Turan mektebi»

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылында атқарған жылдық жұмысының есебі

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

2022 жыл қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету стандартын орындау негізінде, Шымкент қаласының әкімдігінің 2 желтоқсан 2021 жылғы №1524 санды хатына сәйкес 1-4 сынып оқушылары әлеуметтік мәртебесіне қарамастан толық бір реттік ыстық тамақпен қамтылды .

Ыстық тамақ ұйымдастыруға оқушыға күндігіне тамақ құны 496,43 теңгеден бөлінгенін , жалпы 5 күндікпен 1-4 сынып аралығында 499 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

«Turan mektebi»-нің оқушылары туралы мәлімет								
р/с	мектеп	барлық бала саны	Оның Ішінде ыстық тамақпен қамтылған ы	1-4 сынып аралығы	5 - 8 сыныптар			
					Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) алатын отбасы балалары	Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен отбасының балалары	Басқа санаттар
1	2	3	4	7	9	10	11	12
1	«Turan mektebi»	679	495	507	2	50	0	53

Қыркүйек айында сынып жетекшілермен бірлесе отырып сыныптың әлеуметтік картасын жасақталды. Мұғалім сыныпта әртүрлі отбасынан құралған оқушылардың отбасы, тұрмысының жағдайымен жіті таныс болғаны абзал. Ата-ана – сынып жетекші – оқушы үштік одақ ретінде тығыз қарымқатынас орнатылу керек.

Сынып жетекшілерден әлеуметтік картаны жинақтап жалпы мектептің әлеуметтік паспорты түзілді, ол төмендегі кестедегідей болып бекітілді.

**«Turan mektebi» әлеуметтік картасы
2022-2023 оқу жылы**

№	Атауы	1-8 сынып
1	Жалпы оқушы саны	679
2	Қыз	360
3	Ұл	319
4	Тұл жетім	-
5	Жартылай жетім	27
6	Қамқорлықта	2
7	Аз қамтылған	54
8	Көп балалы	105
9	Ыстық тамақпен қамтылған	495
10	Ажырасқан отбасы	32

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға және қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың отбасымен және тұрғын жайымен танысуға акт жүргізу мақсатында, сабаққа себепсіз келмей қалған немесе сабақтан қашатын, мектепте тәртіпсіздікке бой алдырған оқушылардың үйлеріне барып ата-анасымен әңгімелесу , түсіндіру жұмыстары , акт түзу жұмыстары жүргізілді.

«Turan mektebi»
2022-2023 оқу жылындағы педагог-психолог қызметі
бойынша жылдық есебі

I-жартыжылдық бойынша төмендегі іс-шаралар атқарылды:

1. Ата-аналармен атқарылған жұмыстар:

- ✓ 06-15.09.2021ж аралығында «Бейімделу кезеңінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсетілді;
- ✓ 15-19.10.2021ж. аралығында «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» ата-аналармен психологиялық сабақ ұйымдастырылды;
- ✓ 15 қыркүйек отбасы күніне орай ата-аналарға жадынамалар және отбасылық құндылықтарды нығайту тақырыбында
- ✓ 30.10.2021ж. ата-аналар жиналысында: Кибербуллинг. Электронды темекілерден жасөспірімдер ағзасына келетін қауіптер және психикалық денсаулық тақырыбында ағарту жұмысы жүргізілді;
- ✓ Сынып жетекшілерімен байланыс жасау арқылы айына 1 рет ата-аналармен келеңсіз жағдайлардың және балаларының психикалық тұрақтылығын алдын алу мақсатында ұсыныс хаттар WhatsApp режимде чаттарға тасталып сұхбаттар берілді;
- ✓ Қазан-қараша айларында 108 ата-анамен «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» және психодиагностика нәтижесі, туындаған мәселе бойынша жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді;

2. Оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

2022-2023 оқу жылы. 8 сынып оқушыларының «Темперамент бағалау шкаласы» мақсатында жүргізілетін психодиагностика
Темперамент типтері: жүйке саласының тума қасиеттерін туындайтын адамның жеке-дара өзгешелігі. Мәселен, қимыл-қозғалысы шапшаң, ұстамсыз, ылғи да күйіп пісуге дайын тұратын күйгелек адамдар болады. Мұндайлар істі бұрқыратып істейді, кейде қолын бір сілтеп сылқ түседі. Еті тірі, ойнақы, тынышсыз, шамданғыш, көңіл-күйі аумалы-төкпелі, жұртпен қарым-қатынаста тұрақсыз, пысық, бірақ бейқам келеді. Ғылымда бұлар **холерик** деп аталады.

Адамдардың енді бір тобы кісімен тез тіл табысады, өзін көңілді ұстайды, бұл ақкөңіл қызу істің адамдары. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды, еті тірі, бірақ істі бастап, кейін тастап кетеді. Мұндай адамдарды **сангвиник** темпераментінің өкілі дейді.

Енді біреулер сақ, байыпты, байсалды, ынтымақшыл келеді. Әр ісін ойлап істейді, тұрақты, бірқалыпты жүреді, орынсыз асып-саспайды. Бір істі бастаса, оны аяқсыз қалдырмайды. Мінезі ауыр, көрсеқызар емес, қимыл-қозғалыстары баяу. Бұл **флегматик** темпераментінің өкілі.

Меланхолик темпераментіне жататындар сәл нәрсеге ренжитін, өкпелегіш, тұйық, көп сөзі жоқ, пессимист, өте баяу қозғалатын жайбасар адам. Ол жасқаншақ, сіркесі су көтермейді, өте ынжық кісі «мен» деп ешқашан ұмтылмайды, өте ұялшақ, тартыншақ, жұрттан аулақ жүргенді жаны сүйеді.

Ұсыныстар: Тұлғаны танып білудің диагностикасы оқушылардың темперамент типтерін анықтайды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды.

Оқушылармен жүргізілген түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстар бойынша:

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары бойынша (6-8 сыныптар):

Психодиагностика нәтижесі бойынша 68 оқушыдан сұхбат барысында түрлі себептермен 45 оқушының мінез-құлқындағы өзгерістер мен көңіл-күйлерінің тұрақсыздығы анықталып, эмоционалды мінез-құлық көріністерін тұрақтандыру мақсатында жеке және топтық түзету жұмыстары жүргізілді. Аталған оқушылар арасынан 6 оқушы арнайы мамандарға бағытталды.

8 сынып оқушылары арасында түзету-дамыту жоспары жасалынып, профилактикалық сабақтар мен психологиялық тренингтер жеке кеңесу, сұхбат жүргізі, ақпарттандыру және психикалық сауаттандыру, алдын алу жұмыстары жүргізілді:

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу;
2. 9-10 қыркүйек 2021ж. аралығында «Құқықбұзушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында 8 сынып қыздарымен өткізілген профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды;
3. 14-20.10.2021ж. аралығында 8 сынып қыздарымен. «Білгеніңнен білмейтінің көп әлі...». Ерте жастағы жүктілік. Психологиялық танымдық сабақ өткізілді.
4. 19.11.2021ж. «Бүгін қыз бала, ертеңгі-ана» тақырыбында психологиялық тренинг;
5. Әр тоқсанда: Жасөспірім қыздармен ағарту жұмысы. Көпшілік ортада өзімізді қалай ұстаймыз? (қыз бала тәрбиесі, өзін-өзі ұстау ерекшеліктері) қысқаша лекция түсіндірме жұмысы бейнероликтер көрсетілімі;
6. 11 қазан –халықаралық қыздар күні психологиялық тренинг өткізілді.
7. 06-09.09.2021ж. күндері аралығында 5-8 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие бөлімімен бірлескен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды;
8. 09-13.11.2021 аралығында 5 сынып оқушыларымен «мен 5-сыныптамын» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді;
9. 6-10 желтоқсан аралығында ұйымшылдығы төмен 6-7 сыныптармен «Ұжымдық тиімді қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілген жұмыстар:

- ✓ 06-15.09.2022ж. аралығында «Бейімделу кезеңінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында бірінші сынып жетекшілеріне психологиялық қолдау көрсетілді;
- ✓ 20-21 қыркүйек 2022ж. күндері мектеп мұғалімдерімен ағарту жұмысы мен мектептің моралдық-психологиялық ахуалын зерделеу жұмыстары;
- ✓ 05.10.2022ж. күні 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі сынып жетекшілері және пән мұғалімдеріне психологиялық қолдау көрсету, ағарту жұмысы ұйымдастырылды;
- ✓ Қазан-қараша айларында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» және психодиагностика нәтижесі бойынша 8 сынып жетекшілерімен жеке кеңесі жұмысы жүргізілді;

II-жартыжылдық бойынша төмендегі іс-шаралар атқарылды:

1.1. 1-сынып оқушыларымен С.М.Жақыпова мен Ф.Бизақованың баланың мектепке психологиялық даярлығын анықтауға арналған 3 түрлі әдістемелері қолданылды. 1-сынып бойынша 7 сыныпта барлығы 157 оқушы бар, қатысқаны 131 оқушы. 1-сынып оқушыларымен жүргізілген диагностика барысында келесі жайыттар анықталды: Өз жасына қарағанда психологиялық танымдық әрекеті мен таным процестерінде тежелуі бар 4 оқушының ата-анасына ұсыныстар жасалып, ПМПК тексеруінен 3 оқушы өтті. Бір оқушы ерекше білім алуды қажет етеді. Сұраныс бойынша даярлығы өте төмен, саусақ моторикасы әлсіз 6 оқушының ата-анасына ұсыныстар беріліп, жұмыс жасалынды. Оқу жылының екінші жартыжылдығында аталған оқушыларға қандай ерекшеліктер байқалғанын анықтау мақсатында қосымша жұмыстар жүргізілді. Оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижелері сынып жетекшілеріне таныстырылды. 1-сыныпқа дайындығы төмен оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді әдістері ұсыныс ретінде айтылды. Атқарылған жұмыс нәтижелері тіркеліп, мониторингі жасалынды.

1-сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар кесте бойынша көрсеткіші:

1.Әдістеме «Ер адамның бейнесін сал» бойынша шкала көрсеткіші:					
Сынып	Қатысқаны	Өте жақсы	Жақсы	Орта	Төмен
Бар:	131	53	35	20	23
2. Әдістеме «Сөздердің көшірмелері» бойынша шкала көрсеткіші:					
Бар:	131	45	36	22	28
3. Әдістеме «Нүктелер көшірмесі» кесте бойынша көрсеткіші:					
Бар:	131	50	31	29	21

Ата-аналармен атқарылған жұмыстар:

- ✓ 19.01.2023ж. «Жасөспірімдердің жас ерекшелік өзгерістері» ақпараттандыру жұмыстарын ұйымдастырылды;
- ✓ 21.01.2023ж. Буллинг, кибербуллингтің алдын алу, жеткіншектердің қылымыстық әрекетін болдырмау, тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында топтық кеңес берілді;
- ✓ 09.02.2023ж. күні «Баланы Адам етіп өсіру» тақырыбында ата-аналармен сұхбат жүргізілді;
- ✓ 23.02.2023ж. оқушылар арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында танымдық сабақ ұйымдастырылды;
- ✓ 02.03.2023. «Жасөспірімдер арасындағы девианттық мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында ата-аналармен жиналыс, ақпараттандыру, ұсыныстар, алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды;
- ✓ 12-15 наурыз аралығында онлайн форматта жасырын сауалнама ұйымдастырылды.
- ✓ 07.04.2023ж. «Психикалық денсаулыққа не әсер етеді?» ата-аналарды педагогикалық- психологиялық ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді;
- ✓ 12.04.2023ж. Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті (суицидтік) әрекеттің алдын алу және болдырмау тақырыбында ұсыныстар, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді;
- ✓ 23.04.2023ж. «Бала-өмірдегі ең басты құндылық!» «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Оқушылармен жүргізілген түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстар бойынша:

- ✓ 20.01.2023ж. Буллинг, кибербуллингтің алдын алу, жеткіншектердің қылымыстық әрекетін болдырмау, тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында топтық кеңес берілді;
- ✓ 14-15.02.2023ж. қыздар арасында жеткіншектердің қылымыстық әрекетін болдырмау, тұрмыстық зорлық зомбылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 5-6-7 сынып қыздарымен «Қыз тәрбиесі, ұлт тәрбиесі» тақырыбында жиналыс өткізілді;
- ✓ 14-18.02.2023ж. 3-8 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторымен бірлескен профилактикалық жұмыс ұйымдастырылды, сауалнамалар алынды;
- ✓ 11.03.2023. «Мен қорқыныш туралы алаңдаушылықты қалай жеңе аламын?» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп бейнероликтер көрсетілді;
- 22.03.2023ж. Мектептің басқару ұйымындағы оқушылармен «Қазақстанның бақытты болашағы жастардың қолында» тақырыбында тренинг өткізілді;
- ✓ 13.04.2023ж. «Менің сыныбым керемет сынып» тақырыбында тұлғаралық қарым-қатынастағы проблемаларды түзету мақсатында 5-сынып оқушыларына тренингтер сабақ өткізілді;

4 – сыныптар бойынша білім алушылардың ББЖМ алдында жүйкелік-психологиялық күйзеліске ұшыраудың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізілді:

1. Сынып сағаттарында «ББЖМ -ға дайындығым» тақырыбында пікір алмасу, әңгіме өткізу жұмыстары жүргізілді;
2. Жүйкелік - психологиялық күштеуден арылту. «Күйзелуден қалай арылуға болады?» психологиялық тренинг өткізілді;
3. 4 сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау «Ойлау», «Зейін», «Есте сақтау» деңгейлерін анықтау әдістемесі алынды;

4. «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында үлгермейтін оқушыларға психологиялық тренинг, сауалнама ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылы. 8 сынып оқушыларының «агрессияны бағалау тесті» мақсатында жүргізілетін психодиагностика

8-сыныптар бойынша:

Әдістеме: «Агрессияны бағалау тесті» әдістемесі. 20 сұрақнама, 3 жауап варианты бар (а,б,в)

Мақсаты: депрессия шкаласы бойынша, депрессия деңгейін анықтау.

Өткізілген мерзімі: 10.04.2023ж.

Жалпы оқушы саны: 6

Қатысқан оқушы саны: 6

Агрессияны бағалау тестінің бағалау шкаласы:

«А» жауапқа 1 балл

«Б» жауапқа 2 балл

«В» жауапқа 3 балл

Нәтижесін талдау: Барлығының қосындысын шығару керек.

39-44 балл жинағандардың агрессиясы бір қалыпты, өзін қорғауға жетерлік деңгейде, өмірде табысты болуға өзіне сенімділігі мен қабілетінің көрсеткіштері жеткілікті деңгейді.

45 және одан жоғары балл жинағандардың агрессивтілігі нормадан артық, көбінесе ұстамсыздық пен өзгелерге, ешқандай себепсіз, ерекше қаталдық көрсетеді. Өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін қажетті әдіс-тәсілдерді өзі анықтайды. Отбасындағылар мен басқа қоршағандарға оның тигізетін әсерінің оң-терісімен есептеспеді. Сондықтан басқалар онша ұнатпайтынына өзі де таңырқамайды, ал егер реті келсе сол үшін оларды жазалайды.

35 және одан төмен балл жинағандар. Өз күші мен мүмкіндіктеріне сенімі төмен болғандықтан қоршағандармен тіл табысуға тырысады. Оларға батылырақ болу керек және өз дегеніне сенімін жоғарылатуға бар мүмкіндіктерін пайдалануы керек.

Жеті және одан көп сұраққа 3 баллдан, сондай-ақ, жеті және одан аз сұраққа 1 балл жинағандардың агрессивтілігі бір нәрсені жөндеуден гөрі талқандауға бейімірек болғаны. Ол ойланбастан ұрыс-қағысқа барады, өзінің тік мінезділігінен басқалардың агрессиясын тудырады және шытырман жағдайларға алып келеді.

Жеті және оданда көп сұраққа 1 баллдан, сондай-ақ, жеті және одан аз сұраққа 3 баллдан жинағандар – өте тұйық адамдар. Олар агрессивтілік мінез көрсетпейді, бұл қасиеті өте төмен деңгейде дамыған.

Басқа көрсеткіштерге ие болғандардың агрессивтілігі нормада, өзін қорғауға жеткілікті және сыйысымды болуға ешқандай кедергі жасамайтын деңгейде.

8-сыныптар бойынша мониторинг көрсеткіші:

қ\с	Оқушылардың аты-жөні	Жинаған баллы
1	Агабек Әсел Багдатқызы	38
2	Дуйсенбай Еңлік Муратқызы	44
3	Оразалы Аяжан Болатқызы	42
4	Сандыбай Еңлік Маратқызы	45
5	Бахадыр Аян	30
6	Тұрмахан Игілік	40

Ұсыныстар: жұмыс нәтижесі бойынша депрессия деңгейі жоғары оқушылардың себептерін анықтау және нақтылау мақсатында 1 оқушы сұхбатқа шақырылды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды. Ата-анасына ескертіп, ұсыныстар жасалды. Қосымша жеке түзету жұмысы жүргізіледі. Қажеттілігіне қарай мамандарға 2 оқушы бағытталды.

Құқықбұзушылық бойынша 5-8 сыныптар арасында жасырын сауалнама алынды:

Мақсаты: құқықбұзушылық пен қылмыстық іс-әрекеттерді болдырмау, анықтау мақсатында жүргізілді. Сауалнама бойынша мектепте қылмыстың іс-әрекеттер орын алмаған.

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілген жұмыстар:

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыстар

- ✓ 19.01.2023ж. «Жасөспірімдердің жас ерекшелік өзгерістері» ақпараттандыру жұмыстарын ұйымдастырылды;
- ✓ 22.01.2023ж. Буллинг, кибербуллингтің алдын алу, жеткіншектердің қылымыстық әрекетін болдырмау, тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатнда топтық кеңес берілді;
- ✓ 24.02.2023ж. Оқушылар арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында танымдық сабағы ұйымдастырылды;
- ✓ 02.03.2023. «Жасөспірімдер арасындағы девианттық мінез-құлық пен құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында сынып жетекшілермен ақпараттандыру, ұсыныстар, алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды;
- ✓ 27.04.2023ж. Директор жанындағы кеңесте «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және психологиялық жағдайы» тақырыбында баяндама жасалынды.

Қосымша атқарылған жұмыстар: Әр түрлі туындаған мәселелер және жүргізілген психодиагностика нәтижеслері бойынша қамтылған оқушылармен, қажеттілігіне қарай сынып жетекшілермен, ата-аналармен жеке кеңес беру, ұсыныс жасау қосымша мәліметтер алу жұмыстары жүргізілді. Аутодеструктивті және буллинг, кибербуллинг, сұраныстар бойынша туындаған мәселелермен уақытында жеке және топтық жұмыстар жүргізіліп, қолдау мен арнайы мамандарға бағытталып отырды. Қосымша атқарылған жұмыстар жыл бойына жоспар бойынша өз уақытында жасалынды. Барлық жүргізілген жұмыстар бойынша тіркеу журналдары мен хаттамалары жазылған. Ата-ана, мұғалім,

оқушыларды қатар алғанда 347 жеке кеңес пен сұхбат берілді. Туындаған мәселе бойынша уақытында жұмыс жасалып, қолдау көрсетілді. Оқу жылының соңына дейін күрделі келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Қазіргі уақытта мінез-құлқы жағынан немесе отбасы жағдайына байланысты эмоциясы тұрақсыз оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыстамыз, ұсыныстар жасалып, мамандарға жіберілген.

Педагог-психолог

Ж.Ш.Жанұзақова

**«Turan mektebi» кітапханасының
2022-2023 оқу жылында өткізілген іс-шарасының
есепі**

2022-2023 оқу жылында кітапхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 19 қаңтарындағы №44 бұйрығына сүйене отырып жұмыс жүргізілді.

Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттары мен бағыттары:

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 3 қараша 2020 жылғы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші тапсырмасы бойынша “Оқуға құштар мектеп” жобасын жүзеге асыру;

- Мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Жаңа бағдарлама бойынша 1-сыныптың оқулықтарын және 4-8 сыныптарға қосымша берілген қажетті оқулықтарды алдық
- Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және ақпараттық мәдениетін жетілдіру мақсатында жалпы саны -250 көркем әдебиет алынды.
- Оқушының жан-жақты тәрбиеленуіне, ой-өрісін нығайтуға көмектесу;
- Мұғалімдердің іскерлік шеберліктерін арттыруға көмек беру.
- «Мәңгілік ел» , «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс жасау.
-

Кітапхана мына бағытта жұмыс жүргізді:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмыс жасалды;
- Оқырман формуляры бойынша оқу залында және абонементте оқырмандарға жеке қызмет көрсету ұйымдастырылды;
- Тақырыптық библиографиялық анықтамалар орындалды;
- Кітап көрмелері ұйымдастырылды;
- Оқу бағдарламалары мен жоспарларына сай көрмелер ұйымдастырып, пән апталықтарына көмек берілді;
- Жаңа оқу жылына ӘБ жетекшілерімен ақылдаса отырып, оқулыққа тапсырыс берілді;
- Оқулықтың сақталуын қадағалау.
- «Мәңгілік ел» - болашағы біртұтас ел» аясында жұмыс жасалды.

2021-2022оқу жылының соңында кітапхана қоры-14106дана, соның ішінде – 11656 дана мектеп оқулығы, электрондық оқулық саны -150 дана, көркем және салалық әдебиет – 2300 дана.

Кітап қорын қалыптастыру мақсатында:

1. Оқу баспасын қабылдау және техникалық өңделді;
2. Жаңа түскен әдебиеттер есепке алынды;
3. Келіптүскенбасылымдарқабылданды;
4. Жаңа түскен кітаптар жиынтық есеп кітабына жазылды;

5. Қорға түскен жаңа баспалар ретімен қойылды;
6. Мазмұны ескірген оқулық пен әдебиеттерді есептен шығарылды;
7. Оқулықтың сақталуына тексеру жүргізілді.

Оқу-тәрбиелік үдерісті қамту мақсатында:

1. Оқырманға кітапхананы қолдану ережелерімен таныстырылды.
2. Оқырмандарға қызмет көрсетілді.
3. Кітап көрмелері ұйымдастырылды.
4. Рухани жаңғыру аясында көрме қойылды.
5. Кітаптардың мазмұнына, тіліне, түріне, дерегіне қарай бөлінді.
6. Оқырмандары кітапханаға жазып (оқырман формуляры толтырылып, тіркеу кітабына жазылды).
7. Жаңа оқырмандарды тіркеліп, күнделікке жазылып, есептеліп отырылды.

Оқу тәрбие процесіне көмектесе отырып, оқушылармен мына іс-шаралар өткізілді.

Кітап көрмелері:

- «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар»
- «Біз оқитын -100 кітап»
- «Президент ұсынған 30 кітап»
- «Абай дана-Абай дара», «Абай әлеміне саяхат»
- «Мәңгілік елге –кітаппен бірге»
- « Әлемді – кітаппен таны» кітап көрмесі
- «Ауғанстан- біздің есімізде және жадымызда»
- « Тәуелсіздік-тірегім»
- «Ертегілер елінде»
- «Ғарышкер күні»- онлайн кітап көрмесі
- «Оңтүстігім-оттан ыстық мекенім»
- «Буккроссинг-кітап алмасу»
- « Артық білім кітапта, Ерінбе оқып білуге»
- « Ұстазым менің мәңгілік, жанымда қалар жаңғырып»
- «Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері» (Д.А.Қонаев-110жаста)
- «Ана-өмірдің шырағы»
- «Қазақ әдебиетінің негізін салушы»Ғ.М.Мүсірепов-120 жаста

- «Кітап – білім бұлағы»(виртуалды кітап көрмесі)
- «Ұлы Жеңіс жасасын!» (кітап көрмесі)
- «Қазақтың бұлбұлы»К.Байсейтова-110 жаста
- «31- мамыр саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні»
- «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» 4- маусым ҚР мемлекеттік рәміздер күні.

Көпшілік іс-шаралар:

- 5 қыркүйек Тілдер күніне орай (көрме онлайн)
- 1 желтоқсан-Президент күніне орай «Тәуелсіз елім тірегім» тақырыбында онлайн көрме жасалып фейсбук парақшасына жарияланды..
- «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап рухани – мәдени» акциясы аясында өткізілген іс-шаралар: кітап көрмесі «Ұстаздарға 30 кітап тізім ұсыныс видеоролик, кюар код кітаптар ұсынылып отыр.
- **«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында**«Кел, балалар, оқылық» Ы.Алтынсаринге-180 жыл толуына орай зияткерлік сайыс өтті, фейсбук парақшасына салынды.
- «Букросинг» кітап алмасу бұрышы жасалды.
